

Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қорғау, мәдениет және спорт ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек беру туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Қызылқоға аудандық мәслихатының 2010 жылғы 13 қазандағы № XXII-7 шешімі. Әділет департаменті Қызылқоға ауданының әділет басқармасында 2010 жылғы 09 қарашада № 4-5-135 тіркелді. Күші жойылды - Қызылқоға аудандық мәслихатының 2012 жылғы 07 желтоқсандағы № IX-5 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылқоға аудандық мәслихатының 2012.12.07 № IX - 5 ш е ш і м і м е н .

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 66 "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18-бабының 5-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына сай аудандық мәслихат

Ш Е Ш І М **Е Т Е Д І :**

1. Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін бюджет қаражаты есебінен 5000 (бес мың) теңге әлеуметтік көмек беру мөлшері белгіленсін.

2. Осы шешім мемлекеттік тіркеуден өтіп алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Аудандық мәслихаттың кезекті

22-сессиясының төрағасы

С. Габдуллин

Аудандық мәслихат хатшысы

А. Құрманбаев